

*Компьютерлік тестілеу тәртіптемесі туралы студенттерге арналған*  
**АҚПАРАТ**

1. Бұл ақпарат «Студенттердің біліміне қорытынды бақылау жасау және бағалау» 808-ІІ-2012-ші Құжаттамалық тәртіптемесіне сәйкес.
2. Тестілік тапсырманы орындау үшін студентке оқу пәніне байланысты - **80 немесе 60** минут беріледі.
3. **Студенттің емтиханға кіру рұқсаты** әр пән бойынша тек қана орта рейтингі **50 және одан жоғары балл** болғанда беріледі.
4. **Деканат жағынан студенттің емтиханға кіру рұқсаты** Sportal-ға деректерді енгізу жолымен беріледі.
5. Студент емтиханға кіру үшін өзімен **студенттік билет, сынақ кітапшасын** немесе **ШҚМТУ рұқсатнама картасын алып жүру керек.**
6. Емтихан кестесіне сәйкес СМЖ департаменті күнделікті емтихандарға **кіру рұқсатының аяқталғанын бекітіп отырады.** Бұл туралы рұқсатнама берілетін жерде хабарландыру күн сайын беріліп тұрады. Уақыттан кеш келген студенттер емтиханға енгізілмейді. Кеш келу немесе келмей қалған жағдайлардың себептерін тек қана деканат анықтап, шешім қабылдайды.
7. Тестілеудің басында мониторда пән бойынша студенттің рейтинг баллдары шығып тұрады. Тестілеуді бастаған студент өзінің рейтингтік баллдарымен келісуін және емтиханды тапсыруға дайындығын білдіреді.
8. Емтихан барысында мобильдік телефондармен, коммуникаторлармен, смартфондармен пайдалануға **студенттерге тиым салынады.** Тестілік базаның құжатына енгізілген компьютерде сақталған анықтама материалдарымен, калькулятормен пайдалануға рұқсат беріледі.
9. Егер студент қойылған талаптарды бұзса: шпаргалка қолданса, компьютерді дұрыс пайдаланбай тәртіп бұзатын болса кезекші мұғалім немесе СМЖ департаментінің қызметкері **емтиханнан шығаруға құқығы бар.** Осындай жағдайда акт жазылып емтиханның қорытындысы жойылады, рейтингтерге қарамастан «2» (қанағаттанарлықсыз) бағасы қойылады.
10. Емтихан барысында студент техникалық мәселелер бойынша ауызша өтініш беру немесе дұрыс емес сұрақтар туралы электронды түрде **апелляция беруге құқығы бар.** Бұл үшін «Апелляция» деп жазылған кнопкаға басу қажет. Жоғарғы жағынан апелляцияның терезесі шығады. Бұл жерде **міндетті түрде түсіндірме (комментарий) қалтыру қажет. Түсіндірмесіз апелляция қаралынбайды.** Апелляцияға енгізілген сұрақтар белгіленіп тұрады.
11. Егер де тестілік тапсырмаларда графикалық суреттемелер дұрыс шықпаса немесе басқа техникалық қателіктер шығып тұрса **студент дәрісханадағы кезекші оқытушыға өтініш беруге болады.** Ұйымдастырушылар мұндай жағдайда міндетті түрде студенттің аты-жөні мен сұрақтың номерін жазып акт қабылдайды. Егерде апелляцияның себебі техникалық сбой болса, онда актіде сипаттамасы беріледі және студенттің жоғалтқан уақыты көрсетіледі. Бұл акт апелляция жүргізуге негіз болады. Акт апелляциялық комиссияның төрағасына беріледі Ол тексеру жұмысын ұйымдастырып студенттің өтінішін тексереді, тексеру барысында студентке бұл сұрақ дұрыс деп саналуы мүмкін.
12. Егер **қорытынды баға** шекаралық (50, 75, 90) баллдан 2 балл төмен болса студент емтихан тапсырған күні немесе келесі жұмыс күні апелляция беруге

құқығы бар. Осы жағдайда апелляциялық өтініш (Г-1-205 дәрісханасында) қағаз түрінде қабылданады және бекітілген тәртіп бойынша қаралады. Апелляциялық есепке бұл жағдайда студенттің барлық дұрыс емес жауаптары енгізіледі.

**Шекаралық қорытынды балл** алынған кезде (**73-тен, және 88-ден**) апелляциялық комиссия факультет деканның немесе оның ОӘЖ жөніндегі орынбасарының ұсынысына сәйкес 5 баллға дейін көтеруге құқығы бар. **Осындай шешім жеке студентке қарай сессия барысында бірақ рет қабылданады.** Деканның ұсынысына міндетті түрде келесі негіздемелер қажет :

- өткен академиялық кезеңдерінде көрсеткен жоғары оқу көрсеткіштері ( жақсы және өте жақсы бағалар);
- жоғары рейтинг бағалары ( «жақсыдан» төмен емес).

Қосымша деректер ретінде:

- қоғамдық жұмыстарға қатысу;
- ғылыми жұмыстарға қатысу;
- спорттық жетістіктер;
- отбасылық және материалдық жағдайлары қарастырылуы мүмкін.

Емтихандық бағаны көтеру туралы шешім емтиханнан кейінгі бір күннің ішінде қабылданады және оны апелляциялық акт түрінде толтырып оған деканның қолы, апелляциялық комиссия төрағасының қолы қойылады.

**Емтихандық бағаны апелляция уақыты өткеннен кейін және емтихандық үлгерім тізімдемесі басылғаннан кейін көтеруге рұқсат берілмейді.**

13. **Апелляциялық тәртіптеме** бір тәулік ішінде жүргізіледі. Апелляцияның барысында сұрақтардың дұрыс қойылғаны, жауап матрицаларының дұрыстығы тексеріліп бағаны көтеру шешімі қабылданады. Техникалық себептер тестіленуге кедергі жасаған жағдайда, апелляциялық комиссия жағдайды тексеріп бір тестілік тапсырмаға берген уақытына сәйкес балл қосып беруге құқығы бар.

Студенттердің **емтихан және қорытынды баллдарын алдын ала қарап алуға мүмкіндіктері бар.** Тестің барлық сұрақтарына жауап бергеннен кейін студентке бір рет тестілеудің қорытындысын көруге мүмкіншілік беріледі. Егер алған бағалар студентті қанағаттандырмаса, ол қалған уақыттың ішінде тестілеуді жалғастыруға мүмкіндігі бар (кейбір сұрақтардың жауаптарын өзгерту). Алдын ала тексеру кезінде тестілеудің уақыты тоқталмайды.

**Ескерту:** Егерде **техникалық себептермен** студент сұраққа жауап бере алмаса, ол электрондық апелляцияны беруіне міндетті және сонымен бірге кезекші оқытушыға апелляциялық акт (қағаз түрінде) толтыруға өтінішін білдіру қажет.

*Сапа менеджмент жүйесі департаменті*